



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
Депутаттары  
АМАНАТ» партиясы  
фракциясының мүшелері  
А. Мұсабаевқа  
Е. Жаңбыршинға

2023 жылғы 5 мамырдағы  
№ ДЗ-143

### Құрметті депутаттар!

Сіздердің «Қошқар Ата» қалдық қоймасын рекультивациялау, I кезең» жобасын іске асыруға қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Мемлекеттік сараптаманың 2017 жылғы қорытындысы шеңберінде рекультивациялаудың I кезеңіне жататын жер көлемі - 4279 га. құрайды.

2021 жылдан бастап Маңғыстау облысының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) мердігер ұйым – «Павлодар өзен порты» ЖШС-мен 15,5 млрд теңге сомасына жасалған шарт шеңберінде жобаны іске асыруды бастады. 2021 жылы республикалық бюджеттен 266,2 га алаңда қалдық қоймасын қалпына келтіру үшін 1 млрд теңге бөлінді (әкімдік бөлген қаражат толық көлемде игерілді).

2022 жылы республикалық бюджеттен 905 га. алаңда қалдық қойманы рекультивациялау үшін 3 млрд теңге бөлінді, алайда жобалау-сметалық құжаттаманы (бұдан әрі – ЖСҚ) түзетудің ұзаққа созылған процесіне байланысты (2022 ж. мемлекеттік сараптама қорытындысының күшін жою және 2017 ж. мемлекеттік сараптама қорытындысының қайтарылуы) әкімдік тек 253 га. алаңда рекультивация жүргізді. Бұл ретте, 2022 жылы қалған қаржы мөлшері әкімдік 2,1 млрд теңгені игерген жоқ.

Сонымен бірге, әкімдік мыналарға байланысты:

- үйінді топырақтың есепке алынбаған құны;
- L=2750 бұру арнасын салу жөніндегі іс-шараны алып тастау (әкімдік кәріз коллекторының құрылысын КОС-1-ден КОС-2-ге дейін аяқтауы себебінен);
- құрылыс-монтаждау жұмыстарын өндірудің айтарлықтай қымбаттауы ЖСҚ-да қарастырылған соманы қымбаттату жағына қарай қайта қарау мәселесіне бастамашылық жасады.

2022 жылғы 23 желтоқсанда Үкіметте өткен кеңесте әкімдікке заңнамада белгіленген тәртіппен жобаны республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер қаражаты есебінен түзетуді және іске асыруды және тиісінше 90/10 пропорцияда

жергілікті бюджеттен бірлесіп қаржыландыруды бастау тапсырылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне заңнамада белгіленген тәртіппен ЖСҚ түзету қорытындылары бойынша жобаның түпкілікті қалыптастырылған құны шеңберінде РБ қаражаты есебінен нысаналы трансферттер арқылы жобаны қымбаттатуға қосымша қаражат көздеуді тапсырылды.

Бүгінгі күні әкімдіктің алдын ала деректері бойынша жобаның жалпы сметалық құны 49,5 млрд.теңгені құрайды.

Осылайша, жобаны іске асыру әкімдік ЖСҚ түзетуді аяқтағаннан кейін, сондай-ақ бюджет заңнамасына сәйкес жалғастырылатын болады.

**Ә. Смайылов**

*Орынд. З. Жолдасов*  
*Тел. 74-51-00*